

**Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № А-12/488 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 4532 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № А-11/387 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 24.11.2015 № А-11/387 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады) қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2-тармақшасына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 12 айдан артық жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 2) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 3) бірде-бір жұмысшысы жоқ отбасылар;
- 4) маусымдық жұмыс мерзімдердің аяқталуына байланысты жұмыстан шыққан адамдар;
- 5) 50 жастан жоғары адамдар.

2. «Ақкөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, қосымша нысаналы топтарға жататын адамдары жұмыспен қамтуға көмек көрсету және әлеуметтік қорғау шараларын уақытында қамтамасыз етсін.

3. Ақкөл ауданы әкімдігінің «Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» 2014 жылғы 23 қаңтардағы № А-1/19 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4004 тіркелген, 2014 жылғы 14 ақпанда аудандық «Ақкөл өмірі»

және «Знамя Родины КЗ» аудандық газеттерінде жарияланған) қаулысы күші  
ж о й ы л ғ а н д е п т а ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары  
Н.Т.Әбдірахмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік  
тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап  
қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл ауданы әкімі*

*Т.Едігенов*